

## **15 дәріс. XX ғасыр мәдениеті.**

### **Жоспары:**

1. XX ғасырдағы. мәдениеттің дамуындағы қайшылықты үрдістер.
2. Мәдени дағдарыстар.

*Мәдениеттің дамуындағы қайшылықты үрдістер.* Қазіргі заманғы тарихи дамудың барысы дүниенің мәдени және өркениетті қайта жаңаруына тікелей әсер етті. XX ғасыр адамзат тарихындағы ең серпінді жүзжылдыққа айналды: әлеуметтік толқулар мен дүрбелеңдер мемлекеттердің саяси құрылысын күрт өзгертіп, қоғамдық тәртіптер, адам санасы мен өмір салты, тұрмысы жаңарды. Өз кезегінде ғылым мен мәдениеттегі, әдебиет пен өнердегі сан алуан процестер адам баласы зияткерлігінің толық ашылуына әкелді. Техниканың қарқынды дамуы, алдыңғы қатарлы технологиялардың жасалуы, дүниежүзілік кеңістікті белсенді игеру және т.б. ғылым-ның өндірістегі негізгі күшке айналуына жағдай жасады. Ғылыми үлгілердің өзара алмасу үдерістері өтіп, дүниеге жаңа көзқарас қалыптасты. XX ғасыр рационализм мен оғаштыққа толы уақыт болды, ол рухани және материалдық мәдениеттен ізсіз өткен емес. Бір жағынан, заманауи қоғамның негізінде адамзатқа деген сүйіспеншіліктің жоғары мұраттары, теңдік, бостандық демократия идеялары жатса, екінші жағынан, стандартталу мен бірегейлену үдерісі, материалдық тұрмыс дәрежесінің өсуі бұл құндылықтар бағасын арзан-датып, рухани тоқырауға апарып соқтырады. Ғылыми-техникалық прогреспен туындаған технократиялық саралау гуманитарлық саладан жоғары тұр, қоғамдық санадан гуманизм идеялары сырт қалуда. Мәдениет, ғылым, әдебиет пен өнер рөлінің артуын мақсат тұтқан қоғам үшін аталған факторлардың болуы, әлбетте, алаңдаушылық туғызады. Өткен ғасырда аймақтық мәдениеттер қалыптасты: мәдениет дәстүрлі ұлттық үлгілер шеңберінен шығып кетті. Кірігу мен жаһандандудың әсерімен ол іс жүзінде барлық халықтар мен этностардың рухани құндылықтары айрықша жинақтай отырып, интернационалдық мәдениетке айналды.

Мәдениеттің даму үдерісі әдеттен тыс сан алуан, соған сәйкес мәдени бағыттар да түрлене түсті. Сондықтан да мәдениеттің дамуына, оның бағыттарына бір жақты баға беру қиын. Оның үстіне жаһандану үдерісінің күшеюі XX ғасырдың феномені — бұқаралық мәдениеттің пайда болуына әкелді. Мәдениет дамуының негізгі кезеңдері. Мәдени даму-дың саяси үдерістер мен ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты үш негізгі кезеңін бөліп көрсетуге болады. Іс жүзінде өткен ғасырдың әрбір онжылдығына тән ерекшеліктер жинақтала келіп, мәдениеттің әртүрлі формаларындағы орнықты үрдістермен көрінді. Мәдениетте, жүйедегі сияқты, бәрі бірімен бірі байланысты және бірін-бірі айқындайды. Бірінші кезең неғұрлым қарқынды және оқиғаларға толы болды. Ол XIX және XX ғасырлардың шегінде басталып, екі онжылдыққа (1918-1919 жылдарға дейін) дерлік созылды. Әлеуметтік-саяси процестердің (соғыстар, революциялар) шиеленісті дамуы аясында нақты ғылымдар саласында және техникада жаңалықтар ашылып, көп- 197 теген көркемдік формалар, стильдер,

философиялық тұрғынамалар пайда болды. Осының нәтижесінде әлемнің жаңа бейнесі өмірге келді. Әдебиетте, (әсіресе поэзияда), кескіндемеде, сәулет өнерінде модернизм дамыды, режиссерлік театр пайда болды. Екінші кезең (20-жылдар-30-жылдардың соңы) әдебиетте авангардизмнің, ұлттық реализм мен нату- рализмнің, кескіндемеде, музыкада авангард пен сюр- реализмнің, сәулет өнерінде конструктивтілік пен ин- тернационалдық стильдің, эксперименттік театрдың, кино өндірісінің, өнеркәсіптік дизайнның дамуымен сипатталды. Әлеуметтік катаклизмдер, жаңалықтарды, техникалық прогресті ой елегінен өткізуден мәдениет пен ғылымда негізгі бағыттар мен ағымдар бөлініп шықты. Мәдениеттің жаңа тоталитарлық формасы (социализм мен фашизм) пайда болды.

Үшінші кезең соғыстан кейінгі 40-жылдар мен ХХ ға- сырдың бүкіл екінші жартысын қамтиды. Бұл кезеңде ортақ үрдіс — адамның ақыл-ойы мен техникалық прогрес- ке деген сенім айқын көрінді. Десе де, адам мен қоғамның, адам мен табиғаттың бір-біріне қарсы тұру проблемасының өзара түсіністік табуы да назардан тыс қалмады. Әрбір келесі онжылдық мәдениетке қандай да бір ерекше жа- налық қосып отырды. 60-жылдары жастар контрмәдениетін немесе жастар топтары мен ағымдарының (хиппи, панкалар және т.б.) антимәдениетін жасауға әрекеттенген “алпысшылдардың” феномені пайда болды. Олардың соғыссыз және зорлық- зомбылық жоқ дүние құрудың идеалистік пиғылдары “алпысшылдардың” өздері ғана емес, сондай-ақ саясатшы- лардың белгілі бір бөлігінің дүниетанымындағы көп нәрсені өзгертті. 70—80-жылдар - бұл ретро және әкелер мен балалардың қатар өмір сүруі.

Жалпыға ортақ компьютерлену мен компьютерлік кескіндеудің, виртуалды шындықтың пайда болуы, сондай-ақ басталған урбансыздану процесі постиндустриялық қоғамның көркем мәдениетке өтуін білдірді. 90-жылдар социализмнің дүниежүзілік жүйесінің дағдарысымен ғана емес, сондай-ақ жылдам қарқындап келе жатқан жаһандану процестерімен де атап өтілді.

Мәдениет дағдарысқа қарсылық көрсетуге тырысты: бұл кескіндемедегі сюрреализмнің шарықтау шегі, мүсін өнеріндегі кинетикалық өнер, сәулет өнеріндегі “интернационалдық” және “хайтек” стильдері, әдебиеттегі экзистенциализм. Бұл жылдары өнерде постмодернизм дүниеге келді. Сонымен бірге ұлттық және діни мәдениеттерді сақтау үшін күрес туының астында экстре- мизм мен лаңкестіктің көрініс беруі де болып өтті. Жаратылыстанудағы революция мен оның ықпалының ғылымдарға, технология мен саясатқа ықпалы. Жаратылыстанудағы революция ғылыми, философиялық және дүниетанымдық маңызға ие болды. Атап айтқанда, ол— физикадағы аса ірі жаңалықтар. Оның негізгісі атом және оның құрылысы болды. Қарапайым бөлшектердің (электронның, протонның, позитронның, нейтронның) бар екендігі, атомның бөлінбейтіндігі туралы түсінікті жоққа шығарды. Классикалық техника заңдарын абсолюттендіруге күмән келтірілді: массаның өзгермейтіндігі туралы заңның терістігі дәлелденіп, ықтималдылық теориясы жасалды.

Жетекші физиктер макродүние мен микродүние даму заңдарының сапалық тепе-теңдігі туралы пікірлерді жойды. Француз физиктері Пьер Кюри мен Мария Склодовская-Кюри радиоактивтілік туралы ілімді жасады, пьезоэлектрлікті ашып, зерттеді. Альберт Эйнштейн ықтималдылық теориясын қалыптастырды (1905 ж.), Макс Планк кванттар мен кванттық сәулеленуді ашты (1908 ж.), Э. Резерфордтың атомның үлгісі (1911 ж.) негізінде Нильс Бор атом құрылысының кванттық теориясын жасады (1913 ж.), Ферми-Дирактың кванттық статистикасы (1925 ж.) пайда болды. Осы және басқа да ашылулар дүниенің механикалық бейнесі тұжырымдамасын айтарлықтай өзгертті. Ферми ядролық және нейтрондық физиканы жасаушылардың бірі болды, ол бірінші ядролық реактор салып, онда тізбекті ядролық реакцияны (1942 ж.) бірінші болып жүзеге асырды. Нейтронды ашу атом құрылысының құпияларын ашуға әкелді және әлем атом қуатын игеруді бастады, атомдық бомба жасауға кірісті. Атомдық бомбаны АҚШ Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында бірінші 199 болып сынап, оны Хиросима мен Нагасаки қалаларына тастады, соғыстан кейін Кеңестер Одағы Қазақстан жерінде сынақ өткізді.

Жаратылыстанудағы революция ғалымдардың ой-пікіріне де өзгеріс енгізді, жаңа ғылыми теориялар мен жаңа ғылымдар — генетиканың, микробиологияның, биохимияның, биофизиканың, геохимияның және т.б. пайда болуына жағдай жасады. Химия ғылымдарының жасанды материалдар жасау саласындағы табыстарының зор маңызы болды, дәрумендер, гормондар және т.б. ашылды. Биологияның әсіресе генетика саласындағы жетістіктері де ғасыр жаңалығына пара-пар саналды. Бұрын емі жоқ деген көптеген ауруларды емдеу мүмкіндігі пайда болды. 20-жылдар медицинадағы, психиатриядағы, әлеуметтік психологиядағы (З. Фрейд) табыстармен атап өтілді. Жер жөніндегі ғылымдарда (геология, геофизика), мұхиттануда, метеорология мен басқа да жаратылыстану ғылымдарында елеулі табыстарға қол жеткізілді. XIX ғасырдың соңында басталған екінші өнеркәсіптік революция серпінді және жедел қарқынмен дамыды. XX ғасырда ғылымның өндіргіш күшке айналу үрдісі байқалды. Конвейер мен жаппай өндірістің кең қолданылуы еңбекті стандарттау мен ұтымды етуге әкеп соқты. Алғашқы конвейерлер АҚШ-тағы Форд зауыттарында (1914 ж.) енгізілді. Бұрынғы ашылулар мен техникалық өнертабыстар: телефон, телеграф, кинематограф, фонограф, радио, іштен жану қозғалтқышы, электр моторлары, алғашқы автокөліктер, ұшақтар және т.б. өнеркәсіптік өндіріс пен күнделікті өмірде кең қолданыла бастады. 20-30-жылдардың өзінде-ақ ірі қалалардың көшелерінен алуан түрлі қоғамдық көлікті: трамвайларды, метроны, автокөліктерді, автобустарды көруге болатын. Азаматтық авиация тұрақты және көп ұзамай — халықаралық көлікке айналды. Сол кездің өзінде бірінші дыбысты кино, одан кейін түрлі түсті фильмдер пайда болды. Қаладағы үйлерге электр жарығы мен радио келді және біртіндеп ауылды жерлерге де тарала бастады. Түрлі газеттер мен журналдардың таралымы едәуір артты.

Қоғамдық процестерді қорытындылау әлеуметтік және саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер және ғылыми-техникалық прогрестің ықпалымен болып

өтті. Басты идеялық ағымдар — либерализм, әлеуметтік реформизм, консерватизм, марксизм — өзінің түпкілікті ресімделуін саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстардан тапты. Әлеуметтік либерализм идеялары: жекебастың бостандығы, адам құқықтары, халықтық егемендік, жеке-даралық қағидаты, парламенттік демократия, құқықтық мемлекет көпшілік арасында кең танымал болды. Т. Гриннің, Ф. Науманның, В. Репкенің, В. Ой-кеннің, Б. Кроченің, Л. Уордтың, Дж. Кроулидің, Ч. Бирдтің және басқаларының идеялары әлеуметтік реформизмнің әлеуметтік революцияға жол бермеу туралы идеяларымен сәйкес келді. К. Каутский мен Р. Гильфердингтің ұйымдасқан капитализм деп аталатын теориясы буржуазиялық қоғамды реформалаудың, оны әлеуметтік және қақтығыссыз етудің мүмкін болатын жолдарын ұсынды. XX ғасырдың екінші жартысы — бұл Еуропа мен Солтүстік Американың неғұрлым дамыған елдерінде постиндустриялық қоғамның дүниеге келуі. Оның материалдық мәдениетін сипаттайтын ерекшеліктерінің қатарында кез келген жерде ақпараттық технологияны пайдалануға мүмкіндік берген — ғылыми жетістіктері бар. Ашылған жаңалықтарының ішінде — қуаттың баламалы көздерін (күн, жел, теңіз толқындары), жасанды материалдарды пайдалану, өндіріс пен тұрмысты компьютерлендіру бар. Бұл кезеңнің ғылымы мен техникасы бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізді: зымырандық қозғалтқыштар жасалып, ғарыш кеңістігін игеру басталды. ДНК молекуласы ашылып, дәрі-дәрмектердің жаңа түрлері жасалды. Гендік инженерия мен генетикалық құрылымы өзгертілген өсімдіктер азық-түлік өнімдерін шығару көлемін күрт арттыруға мүмкіндік берді. Кері байланыс пен ақпараттар беру туралы ғылым — кибернетика пайда болды (Р. Винер), ал 1976 жылы мини-процессор жасалды. Бүкіләлемдік желі — интернеттің жаһандық ақпараттық торабын жасау алыс қашықтықтарға ақпараттар берудің жылдамдығын арттыруға 201 мүмкіндік берді. Алғашқы роботтар мен “адамсыз өндіріс” жасалды. Рухани мәдениеттің дамуы философияда үстемдік ететін әртүрлі бағыттар мен ағымдардың ықпалына түсті. Философия өз кезегінде ғасырдың бас кезіндегі ғылыми революция нәтижесінде қалыптасқан дүниетанымдық негіздерін қайта қарастырды. Жаңа позитивизмнің өкілдері (Карнап, Рассел, Витгенштейн) жаратылыстанудағы жаңа ашылулардың күшті ықпалына ұшырады. Олар үшін өздері “шынайы ойлау” деп есептеген математикалық логикаға, сондай-ақ нәтижелерін қашанда болсын тексеруге болатын (сендіру қағидаты) “тәжірибелік ғылымдарға” деген ерекше қызығушылық тән. Білім беруде тілдік формаларға, таңбалық-нышандық құралдарға талдау жасауға үлкен рөл берілді. АҚШ-тағы 20—40-жылдардағы рухани өмірге Дж. Дьюидің биологиялық-бихевиористік философиясы неғұрлым күшті ықпал етті. Дьюи көңіл аударған нәрсе, бұл адам мен оның іс-тәжірибелік проблемалары болды. Адамның іс-әрекеті (ағылш. behavior — мінез-құлық) — бұл сыртқы орта әсеріне қайтарылған жауап пен жағдайға бейімделушілігінің жиынтығы. Экзистенциализм алдыңғы қатарға адам болмысының абсолюттік бірегейлігін қойды және жаңа позитивизмнен бір ерекшелігі оны ұғымдар тілінде білдіруге жол бермеді (С. Кьеркегор). XX ғасырдың бүкіл өн бойында

экзистенциализм мәдениетте, өнерде, әдебиетте үстемдік етті. Шырғалаң, дағдарыстық, қоғамдық жағдайлар проблемасын құрылыстың өзінен емес, адамның “адасушылықтарынан” іздестіру қажет (М. Хайдеггер), себебі адам “қайғылы” жаратылыс деп есептелді. (Ж.-П. Сартр). XX ғасыр өнеріндегі жаңа бағыттар өз заманының құбылыстары мен көркемдік шығармашылықтың шындыққа деген түрлі көзқарасын өзінше білдірді. Әдебиет пен өнер бірнеше қатарлас бағыттарда, бірқатар ағымдарға бөліне отырып дамыды, бірақ олардың бәрі бір анықтамаға — модернизмге келіп сыяды. Модернизм дәстүрлі реалистік ағымдардан қол үзуімен сипатталады. Модерн (жаңа, заманауи) — XX ғасырдағы мәдениеттің көркем шығармашылықтың классикалық дәстүрлерінен қол үзген эстетикалық стильдері мен әдістердің саналуандығы. Дәстүрлерге қарсы бүлік шығарған декадент өнерінің барлық формалары мен барлық ағымдары модернистік деген атақ алды. Модернизммен әуестену кейіннен реализмнің аса көрнекті шеберлеріне айналған жазушыларда да, ақындарда да болды (И. Бехер, П. Неруда, Б. Брехт, Л. Арагон және т. б.). Модернизм бірнеше кезеңде дамып, көптеген ағымдарда көрінді. 60-жылдардан бастап модернизм постмодернизм сатысына енді. Модернистік ағымдардың аражігін ажырату оңай емес. Оның неғұрлым жарқын көріністерін: абстракционизм мен авангардизмді қарастырған орынды. Абстракционизм — модернизмнің ерекше формасы, қоғамға қарсы шығу және дүниені қарапайым құралдармен бейнелейтін шынайы бейнені дәйекті қирату ретінде пайда болды. Абстракционизмнің негізін салушылар, негізінен, Германиядағы орыс суретшісі В. Кандинский (“Көпір тобы” мен “Көгілдір салтанатты”), голландтық П. Мондриан мен супрематизмді жасаушы К. Малевич болып есептеледі. Сюрреализм кескіндемедегі абстракционизмінің формасы ретінде қандай да бір басқа бағыттан гөрі дәуір трагизмін, төніп келе жатқан жаңа соғыс трагизмін айқын бейнеледі. Ең белгілі шығармалар қатарында П. Пикассоның “Герникасы” мен С. Далидің “Азамат соғысын алдын ала сезінуі” екені таңғаларлық емес. Абстракционизм кейінірек АҚШ-та неғұрлым жан-жақты дамыды. Абстракционизмді алмастыруға модернизмнің неғұрлым радикалды түр өзгерісі авангардизм келді. Модернизмнің бұл бағытының жарқын көрінісі 60-жылдардың соңына тура келеді. Авангардизмде мистика мен пессимизмнен бастап өткір әлеуметтік сын және революциялық үндеулерге дейінгі әртүрлі идеологиялық үдерістер көрініс тапты.

Сол уақытта экспрессионизм дүниеге келді. Ол неміс натуралистінен пайда болып, Д. Джонс пен Ф. Кафканың шығармашылығында неғұрлым айқынырақ берілді, олар үшін өмір адамға дұшпан, сандырақтық бастама, адамға деген сенімсіздік, пессимизм. Экспрессионист-суретшілер 203 аллегориялар мен метафораларды пайдаланды, олар үшін нақты формалардың маңызы болмады. Реализм форма мен стиль ретінде ғасыр бойында дамыды, әлденеше рет түрөзгерістеріне ұшырады және өмір сүруін жалғастыруда. Сыншыл реализм әдебиеті 20—30-жылдардағы рухани өмірдің жаңа күрделі процестерін зерттеді (Б. Шоу, Дж. Голсуорси), қатал буржуазиялық қоғамды, “америкалық трагедияны” (Т. Драйзер), өткір әлеуметтік проблемаларды (Э.

Хемингуэй) көрсетті. Р. Роллан, А. Франс, Г. Ибсен, Дж. Лондон, Э. Синклер, А. Чехов және т.б. буржуазиялық қоғам кеселдерін сынады, соғыс пен зорлық-зомбылықты айыптады, жаңа мұраттар іздеді. Шындыққа неғұрлым тереңірек жету мақсатымен Б. Брехт, А. Жид, Ф. Мориак, У. Фолкнер, Т. Манн жаңа көркемдік тәсілдер пайдалана отырып, батыл эксперименттерге жол берді. Жазушылар Ж. Амаду, Г. Маркес өз шығармаларын әдебиеттегі жаңа реализм тұрғыларынан жазды. Постмодернизм Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адамзат болашағы үшін төніп тұрған үлкен қауіптің нәтижесінде пайда болды. Постмодернизм индустриялық қоғамның барлық әлсіз нүктелері мен постиндустриялық мәдениетке өту проблемаларын өз уақытында белгіледі. Әмбебап роботтар 204 Бұған Нью-Йорктік мектеп (1945—1960 жж.) пен ондағы Дж. Поллоктың, М. Горькийдің, У. Кунингтің және т. б. абстрактілік экспрессионизмі жатады. Постмодернизмнің еуропалық мектебіне (1945—1960 жж.) П. Пикассо, М. Тапи, Ж. Матье, В. Лепсе, Р. Гуттузо, Ж. Дюбюфе және т. б.; сәулет өнеріне — Ле Корбузье, О. Нимейер, В. Бюпиус және т. б. жатады. Жаңа постиндустриялық қоғамдағы ақпараттық революция процесінде дүниеге келген мәдениет постмодернизм анықтамасына ие болды.

90-жылдардың бас кезіне таман постмодернизм Батыс елдері әлеуметтік мәдени өмірінің жаңа өміршең құбылыстарына орын беріп, әлсіздей бастады. Бұқаралық мәдениет — XX ғасырдың бұқаралық өндіріс пен бұқаралық тұтынушылыққа байланысты туындаған сипатты құбылыс. Ол өмірдің барлық салаларын қамтып, жастардың субмәдениетінен (рок-музыка) айқынырақ орын алды. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен жалпыға бірдей сауаттылық пен ақпараттық технологиялар елеулі күшейе түсті.

Мәдениеттің бұқаралық және элиталық деп бөлінуі әрі өзара байланысы — XX ғасыр мәдениетінің басты ерекшеліктерінің бірі. Бұл мәдениетке келтірер бірден-бір мысал, ол — джаз. Джаз — Нью-Орлеан қаласындағы қара түсті халықтың мәдениеті. Ол лашықтардан шығып дәмханаларға, шағын мейрамханаларға, киноға, эстрадаға, радиоға, теледидарға көшті, ең атақты деген концерттік залдарға орын ауыстырды. Одан кейін Америкадан бүкіл дүниежүзіне таралып, Еуропада оны бағалаушылардың игілігіне айналды. Мұнымен бірге джаздың өзі де өзгерді. Егер XX ғасырдың бас кезінде джазды сауатсыз кезбе музыканттар орындаса, бүгінгі күні оны консерваториялардың, өнер академияларының үздік бітірушілері орындайды. Луи Армстронгтің, Бигстің, Элла Фитцджеральдтардың есімдері бүкіл дүниежүзіне әйгілі болып, олардың шығармашылығы үлгіге айналды. Элиталық мәдениет сияқты, бұқаралық мәдениет те халықтық мәдениетке халықтың орта және төменгі топтарының қажеттіліктері мен сұраныстарына сүйенді. Бұқаралық мәдениет бастапқыда саудаға, коммерцияға арналды. Бұқаралық мәдениет — бұл өнеркәсіптік өндірістік мәдениет. Бұл, бірінші кезекте — тауар, тек содан кейін ғана — мәдениет. Ол тобырдың талғамын дамытпайды, белгілі бір таптаурындар, тәсілдер, тақырыптар, техниканы жасап шығарып, оларды көпшілік көрерменге, оқырманға, тыңдаушыға еріксіз таңады. Мұның мысалы кино мен жарнама болып табылады. Кино 20—50-жылдары ең бұқаралық ойын-сауыққа айналды. 60—90-жылдары кино бұқаралық және

фестивальдық киноға бөлінді. Бұқаралық мәдениеттің халықаралық сипаты бар, ол Америка мен Еуропада, Азия мен Африкада, Латын Америкасы мен Аустралияда да ұқсас заңдар бойынша дамиды, бірақ 70-жылдарға дейін оның басымдыққа ие болған елі АҚШ болды. Және әлі де дүниежүзілік нарыққа бұқаралық мәдениет туындыларының көпшілік бөлігін де АҚШ шығарады. 60—70-жылдары АҚШ пен Еуропада интернационалдық стильден аударғанда жоғары технологиялар дегенді білдіретін “хайтек” стилі пайда болды, ол қоғамдық ғимараттар, спорттық және театр орталықтарын, көрме павильондарын (Париждегі Ж. Помпиду мәдени орталығы) салу үшін пайдаланылады. XX ғасырдағы мәдениеттің түбегейлі бетбұрысы мүлдем жаңа бағыттар және ағымдармен қатар өсіп келе жатқан қарсы ағынның пайда болуынан: ескі бағыттар мен стильдердің жаңа классицизм, реализм, ретронның жаңа формаларында қайтадан жандануынан көрініс беруде. Олар суретшілер мен көрермендердің қазіргі ұрпағының қызығушылығынан тыс қалмайтынын дәлелдеуде.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Тейлор Б. Art today. Актуальное искусство 1970-2005. – М., 2006
2. Фар-Беккер Г. Искусство модерна, 2004
3. Калугина Т.П. Художественный музей как феномен культуры. – М., 2008
4. Акопян К.З. 20 век в контексте искусства. – М., 2005
5. Герман М. Импрессионисты. Судьбы, искусство, время. – М., 2004
6. Родькин П. Футуризм и современное визуальное искусство. – М., 2006
7. Мировое искусство. Прерафаэлизм. – СПб, 2006.
8. Сарабьянов Д. История русского искусства: конец 19-начало 20 вв. – М., 2001
9. Суретті өнер тарихы. – Алматыкітап, 2014. - 400 б.

#### **Қосымша оқу материалдары:**

1. Бобков В. Галерейный бизнес. – Москва, Арт-менеджер, 2006.
2. Словарь музейных терминов и определений. - Челябинск, 2000.
3. Суворов Н.Н. Галерейное дело: Искусство в пространстве галереи: Учебное пособие. - СПб. 2006.
4. Центральный государственный музей Республики Казахстан. - А., 2003
5. Ионина Н.А. Сто великих музеев мира. - М. 1999.
6. Юренева Т.Ю. Музей в мировой культуре. - М., 2003.
7. Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – А., 2009.